

**Қаптаушы,
адсорбциялаушы және
тітіркендіруші заттар**

Қаптаушы заттар

Қаптаушы заттар шырышты қабаттарды жаба отырып, сезімтал жүйке ұштарын тітіркенуден сақтайды. Қаптаушы заттарға крахмалдың шырышы, жібек дәнінің шырышы және т.б. жатады. Оларды көбіне асқазан-ішек жолдарының қабыну үрдістерінде, сонымен қатар тітіркендіргіш қасиеті бар заттармен бірге қолданады. Қаптаушы заттар резорбтивті әсер көрсетпейді.

Адсорбциялаушы заттар

Адсорбциялаушы сорып алушы заттар суда ерімейтін, тіндерді тітіркендірмейтін және адсорбциялық беткейлігі үлкен ұнтақ тәрізді инертті заттар. Теріге немесе шырышты қабаттаға қолданғанда олар химиялық қосылыстарды өзінің бетіне адсорбциялап, сезімтал жүйке ұштарын тітіркендіргіш әсерлерден қорғайды. Сонымен қатар адсорбциялаушы заттар тер бетін немесе шырышты қабаттарды жұқа қабатпен жаба отырып сезімтал жүйке ұштарын механикалық түрде қорғады.

Мысалы:

Тальк-тері бетіне қолданылғанда бездердің бөлінділерін адсорбциялайды, теріні кептіреді және оны механикалық тітіркенуден қорғайды.

Адсорбциялаушы заттарды (мысалы, белсендірілген көмірді) химиялық қосылыстармен уланғанда қолдану өте маңызды. Белсендірілген көмір ішке тағайындалғанда уытты заттарды адсорбциялайды, олардың сіңуін баяулатады немесе тоқтатады және мүмкін болатын жедел улауды басады. Сонымен қатар адсорбенттер диареяда (уытты заттарды адсорбциялайды), метеоризмде (күкіртті сутекті сіңіреді) қолданылады.

Тітіркендіргіш заттар

Бұл топтың препараттары тері мен шырышты қабаттардың жүйке ұштарына ынталандырғыш әсер көрсетеді.

Тітіркендіргіш заттарға:

- Қыша қағазы
- Тазартылған терпентин майы
- Ментол
- Аммиак ерітіндісі

Қыша қағазы (горчичник) майсызданған қышаның жұқа қабатымен жабылған. Оның тітіркендіргіш әсері қышаның эфирлік майына (аллилизотиоцианат) байланысты. Қышаның құрамында синигрин гликозиді мен мирозин ферменті бар. Қыша қағазын жылы (40°C жоғары емес) сумен сулағанда мирозиннің әсерінен синигрин ферменттік ыдырауға түсіп, айқын тітіркендіргіш әсер көрсететін қышаның эфирлік майын түзеді. Қыша қағаздарын көбінесе тыныс алу мүшелерінің ауруларында, стенокардияда, сонымен қатар невралгияларда, миалгияларда қолданылады.

Тазартылған терпентин майы.

Негізгі әсер етуші зат болып α -пенин (терпендер тобынан-жартылай немесе толығымен гидрирленген ароматикалық көмірсулар туындыларынан тұратын көптеген эфирлік майлар) саналады, оның айтарлықтай липофильділігі бар, сондықтан эпидермис арқылы сіңіп, сезімтал жүйке ұштарына тітіркендіргіш әсер көрсетеді. Құрамында тазартылған терпентин майы бар препараттар көбінесе жкргілікті невралгияларда, миалгияларда, буын ауруларында ысқылап жағу үшін қолданылады.

Аталған тітіркендіргіш заттар екі мақсатпен қолданылады:

1) ауру сезімін басу үшін зақымдалған мүшенің немесе тіннің аймағына әсері-алаңдатушы әсер деп аталады;

2) патологиялық үрдістер орын алған ішкі мүшелердің (тіндердің) трофикасын жақсарту үшін;

Алаңдатушы әсері ОЖЖ-де екі ағынының өзара әсерлесуі мүмкіндігімен түсіндіріледі – патолргиялық өзгерген ішкі мүшелер мен тітіркендіргіш заттардың әсер ететін жерлеріндегі тері беті. Бұл жағдайда висцералды және соматикалық импульстердің өзара әсерлесуі физиологиялық дәлелденген. Бұл жайлы клиникалық көрсеткіштер де куә болады. Сонымен ішкі мүшелердің ауруында терінің белгілі бір жерлерінде (Захарин-Гед аймағы) сезімталдықтың жоғарылауы байқалады. Мысалы, стенокардияда науқастар жауырынның тұсында немесе сол жақ қолында ауыру сезімін байқайды.

Кейбір тітіркендіргіш заттар терінің және шырышты қабаттардың сезімтал жүйке ұштарына аталған әсерлерді көрсетуден басқа жүрек қызметінің, тамырлардың тонусының және тыныс алудың рефлекторлы өзгеруін шақырады. Мұндай препараттарға ментол және аммиак қосылыстары жатады.

Ментол бұрыш жалбызы эфир майларының негізгі компоненті.

Терпендік қатардың спирті. Тоңу сезімдерін шақыратын суықтық рецепторларға таңдамалы қоздырғыш әсер көрсетеді. Тітіркендіргіш әсер әлсіз анестезиялық әсерге ауысуы мүмкін. Ментол беткейлік тамырлардың да, терең орналасқан және ішкі мүшелердің тамырларының да тонусын рефлекторлы өзгертеді.

Ментол жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынуымен жүретін ауруларда (тамшы, жағу, интратрахеалды құюлар, инголяция түрінде) қолданылады. Ол стенокардияда тіл астына тағайындалатын валидолдың негізгі ингредиенті. Препарат ауыз қуысына сіңіп, жиырылып қалған жүрек тамырларын рефлекторлы кеңейтеді. Ментолды невралгияда, миалгияда және артралгияда тері бетіне ысқылап жағу үшін қолданылады. Бастың сақинасында (мигрень) оны самайдың тұсына (құрамында 20 бөлік ментолы және 80 бөлік парафині бар ментолды карандаш қолданылады) ысқылап жағады.

Аммиактың тітіркендіргіш әсері

бар. Аммиак ерітіндісінің (мүсәтір спирті) буын иіскеу жоғарғы тыныс алу жолдарының сезімтал жүйке ұштарын қоздырады және тыныс орталығын ынталандырады. Аммиак ерітіндісін естен танып құлауда, мас болуда инголяция түрінде қолданылады. Соңғы жағдайда аммиак ерітіндісінің 5-10 тамшысы ішке беруге де (жарты стакан суда) болады. Сол сияқты аммиак ерітіндісінің дезинфекциялаушы қасиеті бар, сондықтан оны хирургтың қолын өңдеуде қолданылады.

Дайындаған: Жүнісбекова.С

Тобы: ЖМ-808

Қабылдаған: ХҚТУ профессоры
Ө. Мырзағалиұлы